

Хаттама

№1

13.03. 2020 г.

Рудный қаласы, Комсомол даңғылы,23

Протокол

№1

г. Рудный, проспект Комсомольский,23

### Қамқоршылық кеңес отырысы

Қатысқандар:

Н.А. Моргун – Рудный қаласы әкімдігінің «№6 балабақшасы» КМҚК меңгерушісі.

З.К. Муржакупова – Рудный қаласы әкімдігінің «№6 балабақшасы» КМҚК әдіскері.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері – тізім ұсынылған.

**Күн тәртібі:**

1. ОРВИ және коронавирус профилактикасын алдын алу туралы.
2. Жаңа оқу жылына балабақшаның ағым жөндеу жұмыстарын ұйымдастырып өткізу туралы.
3. Балабақшаның территориясына жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру туралы.
4. Ата – аналар үшін балабақшаның қызметік төлем ақысының мөлшері жоғарлау туралы.

1.1. **Тыңдалды:** ОРВИ және коронавирус профилактикасын алдын алу туралы.

1.2. **Сөйледі:** Балабақшаның медицина қызметкері Г.А. Русяева сөз алды. Тақырып бойынша қажетті ақпараттарды мәлімдеді. Мейірбике аурудың белгілерін атап, егер адам нашар сезінсе, алгоритм әрекеттері жөнінде айтты.

Балабақша меңгерушісі Н.А. Моргун елімізде болып жатқан жағдай бәрімізге үрей және толқу тудырмасын. Қазіргі уақытта балабақшаның жабылуы туралы ақпарат ата – аналарды мүлдем ойландырмасын.

Балабақшада:

1. Белмелерді желдету мен дезқұралымен дымқыл түрде жинау жиіленді.
2. Градусниктер мен дезинфекциялық жабдықтар балабақшада мол.
3. Бактерициалдық шам қосылуда.
4. Барлық топтарда таңғы фильтр өткізіледі.
5. Ата – аналардың өтініштері бойынша балалар демалыс алуына болады.

1.3 **Қаулы етті:** Қазақстан мемлекетінің санитарлық бас дәрігерінің коронавирус инфекцияларын алдын алу жөнінде нұсқаулар орындалсын.

2.1. **Тыңдалды:** Жаңа оқу жылына балабақшаның ағым жөндеу жұмыстарын ұйымдастырып өткізу туралы.

2.2. **Сөйледі:** балабақша меңгерушісі Н.А. Моргун сөз сөйледі. Оқу жылы уақытылы басталу үшін қазіргі кезде жұмыстар жасалуда. Жөндеу жұмыстары талап ететін орындар:

1. балабақшаның шатырын жөндеу
2. канализация жөндеуі
3. топ бөлімдерін жөндеу ( косметикалық)

**Сұрақ:** И.С. Коваль – құрылыс материалдар жеткілікті ма?

**Жауабы:** Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу веб – сайты арқылы сатып алу жүргізілуде.

**2.3. Қаулы етті:** Ағымдағы жөндеу жұмыстарына дайындықтар қанағаттанарлық деп саналсын.

**3.1. Тыңдалды:** Балабақшаның территориясына жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру туралы.

**3.2. Сөйледі:** Балабақшаның әдіскері З.К. Муржакупова сөйледі. Ол жазғы кезеңге арналған жазғы сауықтыру жұмыстарына сай топ учаске территориялары дайын болуы тиіс. Балалар ойнайтын учаске олардың ерекшеліктеріне сәйкес жабдықталу керек, сонымен қатар эстетикалық талғамға сай және физикалық қасиеттері даму үшін жабдықталған жөн. Балалардың ойнайтын территориясы рәсімделген уақытта ата – ана өз белсенділік пен шығармашылықтарын таныту керек. Осы жылы барлық учаскелер жаңартылып, жабдық – құралдар қосылады.

**3.3. Қаулы етті:** Тәрбиешілер мен ата – аналар балабақшаның ойнау территориясын жабдықтап жаңартуға белсенді қатыссын.

**4. 1. Тыңдалды:** Ата – аналар үшін балабақшаның қызметік төлем ақысының мөлшері жоғарлау туралы.

**4.2. Сөйледі:** бухгалтер А.А. Павлова - 2020 ж. 03 наурыз айынан бастап Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің № 211 қаулы келісімі бойынша ата – аналар жарнасы жоғарлаған жөнінде ақпаратты жеткізді. Санитарлық норма мен ережелеріне сай мектепке дейінгі мекемеде міндетті түрде күніне бес рет тамақтану көзделген. Азық – түлік тағамдар құны жоғарлауда. Мектепке дейінгі ұйымда қаражат жетіспеушілігінен балаларды тиісті тамақпен қамтамасыз етуге мүмкіндік жоқ.

**Сауал:** Т.А. Овсянникова – Азық – түлік тағамдарын санауын қандай норма мен ережелерімен санайсыз?

**Жауабы:** « Мектепке дейінгі мекемеде санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» 2017 ж. 17 тамыз айының № 615 бекітілген бұйрығымен сай саналады.

**Қаулы етті:** Рудный қаласы әкімдігінің 2020 ж. 03 наурыз айының № 211 қаулысымен ата – аналар таныссын.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:  
Хатшы:

 Овсянникова Татьяна  
 Жирнова Оксана